

22 қыркүйек
Сейсенбі,
2026 жыл

uil-gazet@mail.ru
Kokjar_tynysy

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

ОЙЫЛ

АУДАНҒА ЖАҢА ӘКІМ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ, БІРҚАТАР НАҚТЫ МІНДЕТ ЖҮКТЕЛДІ

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ АСХАТ ШАХАРОВ ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ АКТИВІНЕ АУДАННЫҢ ЖАҢА ӘКІМІН ТАНЫСТЫРДЫ. ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ӘКІМІМЕН ЗАЙМОЛДИН СӨКЕН ҒАЗИЗҰЛЫ ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ ҚЫЗМЕТІНЕ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ. ЖАҢА ӘКІМНІҢ КАНДИДАТУРАСЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІ ӘКІМШІЛІГІНІҢ ЖӨНЕ ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ КЕЛІСІМІМЕН МАҚҰЛДАНДЫ.



Аудан активімен кездесуде аймақ басшысы Ойылдың өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы маңызын атап өтіп, ауданның әлеуетін тиімді пайдалану қажеттігіне тоқталды.

«Ойыл – тарихы терең, ұлттық болмысымыздың қалыптасуына өзіндік үлес қосқан киелі өлке. Ауданның экономикалық әлеуеті де жоғары. Бүгінде бірқатар негізгі көрсеткіш бойынша оң динамика бар. Дегенмен, шешімін күткен мәселелер жеткілікті. Сондықтан ауданның жаңа әкімінің алдында нақты міндеттер тұр. Ең бастысы – тұрғындардың әл-ауқатын арттыру, жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету, кәсіпкерлікті дамыту және ауданның экономикалық мүмкіндіктерін толық пайдалану», – деді Асхат Шахаров.

2026 жылғы қаңтар-шілде айларының қорытындысы бойынша ауданда негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің басым бөлігінде өсім байқалады. Атап айтқанда, инвестиция көлемінің индексі 107%, ауыл шаруашылығы – 102%, құрылыс жұмыстары – 163,1%, тұрғын үйді пайдалануға беру – 102,8%, өнеркәсіп өндірісі 110% құрады. Ауыл шаруашылығы саласында өндіріс көлемін арттырумен қатар, қайта өңдеу бағыттарын дамыту міндеті қойылды. «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында 133,6 млн теңгеге 10 адам кәсібін бастаған. Ойыл ауданында ет өнімдерін өндіру және өңдеу, дайын өнімді басқа өңірлерге жеткізу үшін ет кластерін дамытуға мүмкіндік бар. Қазіргі уақытта ауданда «Жаңа қадам-2016» мал сою пункті жұмыс істейді. Облыстағы ірі қара малдың шамамен 2%-ы, яғни 38 мың

бас мал Ойыл ауданында орналасқан. Осы әлеуетті тиімді пайдалану үшін қайта өңдеу цехтарын дамыту қажеттігі айтылды. Ауданның облыс орталығынан шалғай орналасуына байланысты азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін өндірістерді дамытуға басымдық беру қажет. Атап айтқанда, құс, өсімдік шаруашылығы және ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу бағыттарын кеңейту көзделіп отыр. Қазіргі таңда ауданда бір ғана жылыжай жұмыс істейді.

Тұрғын үй құрылысына арналған жер телімдерін тиімді пайдалану мәселесі де көтерілді. 2016 жылдан бастап Ойыл ауылының бас жоспарына сәйкес жаңа құрылыс аумағында 650 жер телімі берілген. Бұл аумаққа осы уақытқа дейін шамамен 320,5 млн теңгеге инженерлік желілер тартылған. Осыған байланысты аудан әкіміне берілген жер телімдеріне талдау жүргізіп, инженерлік инфрақұрылымды жоспарлау кезінде олардың нақты игерілу деңгейін ескеру тапсырылды. Облыс әкімі Ойылдың туристік әлеуетін арттыру қажеттігін де атап өтті. Ауданның табиғи ерекшеліктері мен тарихи-мәдени мұрасы экологиялық және мәдени-тарихи туризмді дамытуға мүмкіндік береді.

«Ойылдың табиғи және тарихи-мәдени әлеуеті жеткілікті. Бұл мүмкіндікті туризмді дамыту арқылы тиімді пайдалану қажет. Осы бағытта нақты жобаларды қамтитын жол картасын әзірлеп, ұсыныс енгізуді тапсырамын», – деді Асхат Шахаров. Сонымен қатар аудан аумағындағы автомобиль жолдарының сапасы, елді мекендерді абаттандыру, көгалдандыру және санитарлық тазалық мәселелері тұрақты

бақылауда болуы тиіс.

Асхат Шахаров бұл жұмыстарды «Таза Қазақстан» республикалық бағдарламасы аясында жүйелі түрде жүргізуді тапсырды.

«Ең басты міндет – тұрғындардың әл-ауқатын жақсарту, халықты тұрақты жұмыспен қамту және ауданның даму әлеуетін толық іске асыру. Жүктелген міндеттердің әрқайсысы нақты нәтижемен өлшенуі тиіс. Осы бағыттағы жұмыстарды қатаң бақылауда ұстап, белгіленген тапсырмалардың орындалуын қамтамасыз етуді тапсырамын», – деді өңір басшысы.

Сөкен Займолдин бұған дейін Ойыл аудандық мәслихатының төрағасы қызметін атқарған. Ол ауданның әлеуметтік-экономикалық жағдайы және тұрғындарды толғандыратын негізгі мәселелермен жақсы таныс.

бұрынғы әкімі Асқар Қазыбаевқа атқарған жұмысы үшін алғыс айтылды, «Құрмет грамотасымен» марапатталды. Ойыл аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Болат Бақытгереев пен «Өділет» партиясы Ойыл аудандық филиалының атқарушы хатшысы Еркін Жиеналин жаңа әкімге ізгі тілектерін жеткізді.

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің келісімімен және Ойыл аудандық мәслихаты депутаттарының келісімі негізінде Сөкен Ғазизұлы Займолдин Ойыл ауданының әкімі болып тағайындалды.

Сөкен Займолдин 1974 жылы Ойыл ауданында дүниеге келген. Жоғары білімді. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе университетін «Дене тәрбиесі және биология», Мәскеу технологиялық институтын «Менеджмент» мамандықтары бой-

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫ ЖАҢА АУДАН ӘКІМІНІҢ ЛАУАЗЫМЫНА ҰСЫНЫЛҒАН КАНДИДАТУРАНЫ ҚОЛДАДЫ
2026 жылдың 18 қыркүйегі күні, Ойыл аудандық мәслихатының кезектен тыс отыз төртінші сессиясы өтті. Сессияға Ақтөбе облысының әкімі Асхат Шахаров және аудандық мәслихат төрағасының міндетін атқарушы Мұстафа Бисембаев қатысты. Сессия барысында облыс әкімі Ойыл ауданының әкімі лауазымына Займолдин Сөкен Ғазизұлының кандидатурасын ұсынып, оның өмірбаянын таныстырды. Аудандық мәслихат депутаттары облыс әкімі ұсынған кандидатураны қолдап, дауыс берді. Өңір басшысы мен депутаттар жаңа аудан әкіміне алдағы жұмысына сәттілік тіледі.

«Алдымызда жауапты міндеттер тұр. Ауданның әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттыру, тұрғындардың әл-ауқатын жақсарту және халықпен ашық диалог орнату бағытында жүйелі жұмыс жүргіземіз. Облыс басшысы тарапынан жүктелген міндеттерді сапалы орындауға бар күшімізді саламыз», – деді Сөкен Займолдин. Жиын соңында зейнеткерлікке шығуына байланысты орнынан босатылған ауданның

ынша тәмамдаған. Еңбек жолын 1997 жылы Ойыл кәсіптік-техникалық лицейінде бастаған. Өр жылдары Ойыл аграрлық колледжінде, Қараой ауылдық округінің әкімі, 2020-2021 жылдары «Nur Otan» партиясының Ойыл аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары қызметтерінде болды. 2021 жылдан осы уақытқа дейін Ойыл аудандық мәслихатының хатшысы, төрағасы қызметін атқарып келді.

ШИҚҰДЫҚТА СУ ҚҰБЫРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ АЯҚТАЛУҒА ЖАҚЫН



Облыс әкімі Асхат Шахаровтың Ойыл ауданына жұмыс сапары барысында Саралжын ауылдық округіне қарасты Шикұдық ауылының тұрғындарымен кездесуі өтті. Шикұдықта 157 адам тұрады, 24 аула бар. Ауылда фельдшерлік пункт, мектеп және ауылдық клуб жұмыс істейді. Балалар ойын және спорт алаңдары бар. Былтыр ауылға газ жүргізілді.

Енді тұрғындар үшін маңызды мәселелердің бірі болған сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету де шешімін тапты.

Ауылда жалпы ұзындығы шамамен 5,6 шақырымды құрайтын су құбыры желілерінің құрылысы аяқталуға жақын. Құбырларды төсеу жұмыстары толық аяқталған. Нысанның дайындық деңгейі – 85%. Қазіргі таңда мамандар аумақты абаттандыру және жүйені іске қосуға дайындау жұмыстарын жүргізіп жатыр.

«Жұмыс күші жеткілікті, қажетті техниканың барлығы бар. Электр монтаждау жұмыстары толық аяқталды, абаттандыру жұмыстары шамамен 50 пайызға орындалды. Негізгі жабдық жеткізілгеннен кейін ауылды таза ауыз сумен қамтамасыз етеміз», – деді «Аймар Строй Сервис» ЖШС директоры Думан Жалғасбаев. Мердігер қалған жұмыстарды бір ай ішінде аяқтауды жоспарлап отыр.

Жергілікті тұрғын, «Жайық» шаруа қожалығының басшысы Айдын Жайықов соңғы жылдары ауылда елеулі өзгерістер болып жатқанын тілге тиек етті.

«2024 жылы облыс әкімі ауылымызға келген еді. Содан бері ауылда өзгерістер болды. Біріншіден, бізге газ келді. Қазір су құбыры салынып жатыр, оны бір ай ішінде іске қосамыз деп отыр. Ең өзекті мәселе – жол болатын. Қазір бұл мәселе де шешіліп жатыр. Биыл жолдың бір бөлігін жөндеу жұмыстары аяқталады деп үміттенеміз», – деді ол.

Айдын Жайықовтың айтуынша, тұрғындар ауылдың одан әрі дамуын ең алдымен ин-

фрақұрылымның жақсаруымен байланыстырады. Шикұдықта жастар мен балалар жеткілікті, ал жергілікті тұрғындар өз шаруашылығын дамытып, ауылда қалуға ниетті.

«Мен Шикұдықта туып-өстім. Өзімнің шаруа қожалығым бар, әйелім мектепте мұғалім болып жұмыс істейді, бес баламыз бар. Бұл ауылдан көшіп кетуді жоспарлап отырған жоқпыз. Қолымыздан келгенше ауылды дамытуға үлес қосамыз», – деді Айдын Жайықов.

Ол сондай-ақ 2024 жылы болған су тасқынынан кейін бөгетті қалпына келтіру жұмыстары жүргізілгенін айтты.

Шикұдықта сумен жабдықтау және жол құрылысы саласындағы жобалардың жүзеге асырылуы тұрғындардың күнделікті тұрмыс жағдайын жақсартып, ауылдың одан әрі дамуына қосымша мүмкіндіктер береді.

«Былтырғы жылы ауылға газ келді, қазір су құбырының құрылысы аяқталуға жақын. Бұл – Мемлекет басшысының тапсырмалары аясында жүзеге асырылып жатқан, халықтың тұрмыс жағдайын жақсартуға бағытталған маңызды жобалар. Келесі маңызды мәселе – жол. Бұл бағытта да жұмыстар жүргізіліп жатыр. Сонымен қатар тек инфрақұрылым салумен шектеліп қалмауымыз керек. Мұнда жас отбасылар, балалар, еңбек етіп, шаруашылық жүргізіп отырған тұрғындар бар. Сондықтан олардың болашағын туған ауылымен байланыстыруына жағдай жасау қажет. Ол үшін әлеуметтік нысандарды, абаттандырды, жұмыспен қамтуды және жергілікті кәсіпкерлікті дамытуға қолдау көрсету керек.

Басталған барлық жоба сапа талаптары мен белгіленген мерзімдер сақтала отырып, соңына дейін жеткізілуі тиіс. Біздің міндетіміз – Шикұдық тұрғындарының нақты өзгерістерді көріп, өз ауылында жайлы өмір сүріп, еңбек етуіне жағдай жасау», – деді облыс әкімі.

ОЙЫЛ АУДАНЫНДА ЖОЛ ЖӘНЕ КӨЛІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ ЖАҢАРТЫЛЫП ЖАТЫР

Ойыл ауданының активімен өткен жиыннан кейін Ақтөбе облысының әкімі Асхат Шахаров Ойыл ауылына кіреберістегі жаңа көпірді көріп, Шұбарқұдық – Ойыл – Қобда – Түзтөбе автомобиль жолындағы жөндеу жұмыстарының барысымен танысты. Ұзындығы 224 метр, ені 14 метрлік жаңа көпір екі жолақты қозғалысқа арналған.

Бүгінде нысан пайдалануға беріліп, тұрғындар игілігіне қызмет көрсетіп отыр.

Ал ұзындығы 41,1 шақырымды құрайтын Шұбарқұдық – Ойыл – Қобда – Түзтөбе бағытындағы автомобиль жолының учаскесінде қазір жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Бүгінде 8,5 шақырым жолдың негізі дайындалған. Жөндеу жұмыстарын 2027 жылы аяқтау жоспарланған. Жобаның жалпы құны – 4,8 млрд теңге.

Қаржыландыру облыстық бюджет есебінен жүзеге асырылуда. Сапаны «Жол активтері сапасының ұлттық орталығы» қадағалайды. Мекеме мамандары сынама алып, зертханалық жұмыстар жүргізеді. Өңір басшысы мердігер «Bertys Construction» ЖШС-не атқарылып жатқан жұмыстардың сапасын қамтамасыз етіп, жөндеу жұмыстарын белгіленген мерзімде аяқтауды тапсырды. Асхат Шахаров шалғай елді мекендер үшін жол және инженерлік инфрақұрылымды дамытудың маңызы зор екенін атап өтті. Сенімді көлік қатынасы тұрғындардың әлеуметтік нысандар мен қызметтерге, сондай-ақ жұмыс орындарына қолжетімділігін арттырып, жергілікті кәсіпкерліктің дамуына жаңа мүмкіндіктер ашады.

Көптоғай ауылдық округі әкімінің 2026 жылдың IV тоқсанына арналған азаматтарды қабылдау кестесі

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ж.	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны, электрондық мекенжайы
«Көптоғай ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Асылбаев Ерлан Базарбаевич	Көптоғай ауылдық округ әкімі	Қазан айының 8,22 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін	Көптоғай ауылы, Мәңгілік ел көшесі №20 Көптоғай ауылдық округі әкімдігінің ғимараты	74-5-11 Akimat_Koptogai@mail.ru
			Қараша айының – 12,26 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
			Желтоқсан айының – 10,24 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

«Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Көптоғай ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-сінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы фактілер анықталған жағдайда төмендегідей сенім телефонына хабарласуды сұрайды.

Сенім телефоны 74-5-11, сонымен қатар ғимаратта ұсыныс-пікір салу үшін жөшік орнатылған.

Сарбие ауылдық округі әкімінің 2026 жылдың IV тоқсанына арналған азаматтарды қабылдау кестесі

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ж.	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны, электрондық мекенжайы
«Сарбие ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Кереев Әсет Сәкенұлы	Сарбие ауылдық округ әкімі	Қазан айының 14,21 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін	Сарбие ауылы, Жастар көшесі №16 Сарбие ауылдық округі әкімдігінің ғимараты	35-2-50 Sarbie2005@yandex.kz
			Қараша айының – 12,19 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
			Желтоқсан айының – 10,23 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

«Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Сарбие ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-сінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы фактілер анықталған жағдайда төмендегідей сенім телефонына хабарласуды сұрайды.

Сенім телефоны 35-2-50, сонымен қатар ғимаратта ұсыныс-пікір салу үшін жөшік орнатылған.

ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚҰРМЕТТІ ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ТҰРғындары!
2026 жылдың 01 ҚАЗАНЫНА дейін 2025 ЖЫЛ МҮЛІК САЛЫҒЫН ТӨЛЕУ КЕРЕК ЕКЕНІН ЕСТЕРІҢІЗГЕ САЛАМЫЗ!

МҮЛІККЕ САЛЫНАТЫН САЛЫҚТЫ ТӨЛЕУ

ЖЕКЕЛЕГЕН ЖАҒДАЙЛАРДЫ ҚОСПАҒАНДА

Салық салынатын нысандардың орналасқан жері бойынша бюджетке төленеді

Есепті салық кезеңінен кейінгі жылдың

1 ҚАЗАНЫНАН КЕШІКТІРМЕЙ

төленеді

Жеке тұлғалардың мүлік салығын төлеу үшін бюджеттік сыныптаманың коды (БСК) және коды көрсеткіші (КНП) қолданылады

БЮДЖЕТТІК СЫНЫПТАМАНЫҢ КОДЫ (БСК)

104102

КОДЫ КӨРСЕТКІШІ (КНП)

911

Ойыл ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы

ЖИ ДӘУІРІНДЕГІ ЦИФРЛЫҚ ЭТИКА

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІҢ МҮМКІНДІГІ АРТҚАН САЙЫН ОНЫ ЖАУАПКЕРШІЛІКПЕН ҚОЛДАНУ МӘСЕЛЕСІ ДЕ ӨЗЕКТІ БОЛА ТҮСТІ. ЖИ ЖАСАҒАН КОНТЕНТТІ БЕЛГІЛЕУДЕН БАСТАП, ЖЕКЕ ДЕРЕКТЕРДІ ҚОРҒАУҒА ДЕЙІНГІ ЖАҢА ТАЛАПТАР ЦИФРЛЫҚ ӨДЕПТІҢ ДЕ ӨЗГЕРІП ЖАТҚАНЫН КӨРСЕТЕДІ. ЕНДЕШЕ, ТЕХНОЛОГИЯ ӨМІРІМІЗГЕ ДЕНДЕП ЕНГЕН ТҰСТА ҚАНДАЙ ЭТИКАЛЫҚ ҚАҒИДАЛАРДЫ ЕСКЕРУІМІЗ КЕРЕК? САРАЛАП КӨРДІК.

Жасандылықты жасырмау керек

Біз балаларға көшеден өтерде бағдаршамға қарауды, бейтаныс адамға жеке мәліметін айтпауды үйретеміз. Енді осы тәрбиенің қатарына цифрлық әдеп те қосылуға тиіс. Мәселенің ең қарапайым әрі күнделікті өмірімізге жақын тұсы – әлеуметтік желідегі контент. Айталық, қолданушы ЖИ көмегімен Астананың көшесінде жүрген арыстанның шынайы көрінетін бейнесін жасап, әлеуметтік желіге жүктеді делік. Оның ойын-сауық мақсатында жасалғаны авторға түсінікті. Бірақ оны көрген мыңдаған адамның бәрі мұны біле бермейді. Біреу бейнежазбаны көшіріп алып, басқа платформаға жариялайды. Ақырында ойдан шығарылған көрініс шынайы оқиға ретінде тарауы мүмкін. Сондықтан қазір әлемдегі ірі әлеуметтік платформалар ЖИ көмегімен жасалған материалдарды белгілеуге ерекше мән беріп отыр. Мысалы, YouTube ЖИ арқылы жасалған не айтарлықтай өзгертілген бейнежазбаны жариялағанда, оның жасанды контент екенін көрсетуді талап етеді. Бұған нақты адамның айтпаған сөзін айтқандай көрсету, шын оқиғаның бейнесін өзгерту немесе өмірде болмаған, бірақ шынайы көрінетін көріністі генерациялау жатады. Мұндай жағдайда бейнематериалға оның жасанды жолмен жасалғанын немесе өзгертілгенін білдіретін белгі қойылады. Ал осындай ақпаратты үнемі жасыратын авторларға платформа контентті өшіруге немесе серіктестік бағдарламасынан шектеуге дейін шара қолдана алады. Бұл талап TikTok, Facebook, Instagram, Threads желілерінде де бар. Мәселен, TikTok ЖИ көмегімен жасалған шынайы сипаттағы контентке «AI-generated» белгісін қояды талап етсе, Meta платформаларында мұндай материалдарға «AI info» таң-

басы беріледі. Өйткені оқырмандарға жасанды дүние шынайы ақпарат ретінде ұсынылмауы керек. Елімізде де бұл талап заңмен бекітілген. «Жасанды интеллект туралы» заңға сәйкес, ЖИ жүйесі жасаған немесе өзгерткен синтетикалық контент арнайы таңбаланып, пайдаланушыға оның жасанды екені түсінікті түрде ескертілуге тиіс. Заңда адамның сыртқы келбетін, дауысын, мінез-құлқын немесе іс жүзінде болмаған оқиғаны имитациялайтын кескін, бейне, аудио мен мәтін синтетикалық нәтиже ретінде қарастырылады. Демек, жасанды интеллект жасаған дүниені шынайы контент ретінде ұсынбау енді тек цифрлық әдеп емес, заңмен бекітілген талап.

Оған бәрін айтпаңыз

Жасанды зердемен кәдімгі адаммен сөйлескендей сырласатындар да бар. Бірақ осындай еркін әңгіме бары-

сында жеке мәліметті өз қолымызбен беріп қоюымыз мүмкін. Жұмыс барысында да құпия ақпаратты ЖИ-ға байқамай ұсынатын жағдайлар кездеседі. Мәселен, қызметкер мекеменің ішкі құжатын жүктеуі, енді бірі клиенттердің тізімін өңдетуі мүмкін. Сондықтан ЖИ-ға құпиясөз, ЖСН, банк картасының деректері, қызметтік құжаттар мен өзге адамдардың жеке мәліметтерін енгізбеген жөн. IT маманы Мейіржан Әуелханұлы да ЖИ құралдарын пайдаланғанда үш ережені есте ұстауға кеңес береді. «Біріншісі – жеке және құпия деректерді чатқа енгізбеу. Екіншісі – ЖИ жауабын тексерусіз қабылдамау. Өсіресе қаржы, денсаулық пен құқық мәселесінде ақпаратты ресми дереккөздермен салыстырған жөн. Үшіншісі – танымал ЖИ қызметтерінің атын жамылған жалған боттардан сақтанып, тек ресми қосымшаларды пайдалану керек»,

дейді ол. Маман deepfake технологиясының дамуы тағы бір қауіп тудырғанын айтады. Қазір ЖИ адамның бейнесін ғана емес, дауысын да айнытпай қайталай алады. Осы жерде цифрлық сауаттың бұрыннан келе жатқан «бейтаныс нөмірге сенбе» деген ережесі де жеткіліксіз болып қалды. Енді таныс дауысқа да бірден сенуге болмайтын кезеңге келдік. Сондықтан күмәнді жағдайда ақпаратты басқа байланыс арнасы арқылы қайта тексеру, ақша аудару туралы тосын өтініш түссе, адамның өзіне хабарласу, жеке мәліметті телефон арқылы айтпау секілді қарапайым амалдардың маңызы арта түсті. **Жауапкершілік кімде?** Жасанды интеллектінің жауабы сенімді естіледі. Бірақ сенімді сөйлем әрдайым шындық дегенді білдірмейді. Генеративті модель жоқ деректі бар етіп көрсетуі, адамның

атын шатастыруы, болмаған зерттеуге сілтеме беруі немесе жалған дәйексөз құрастыруы әбден мүмкін. Сондықтан ЖИ-дан алынған ақпаратты дайын дерек ретінде қабылдау қауіпті. Бұл мәселе әсіресе білім саласында өзекті. Бір кездері мұғалім оқушының интернеттен дайын реферат көшіргенін анықтауға тырысатын. Кейін антиплагиат жүйелері пайда болды. Енді оқушы немесе студент еш жерден көшірмей-ақ, ЖИ-ға мүлде жаңа мәтін жаздыра алады. Техникалық тұрғыдан ол мәтін интернеттегі ешбір материалды сөзбе-сөз қайталамауы мүмкін. Бірақ оны білім алушының өзі жазған жоқ. **Сонда бұл плагиат па?** ЖИ-ды білімнен мүлде аластау дұрыс шешім бола қоймас. Өйткені ол ақпарат іздеуге, күрделі тақырыпты түсіндіруге, идея жинақтауға, тіл үйренуге, қателерді талдауға көмектесетін қуатты

құрал. Бірақ тапсырманы толығымен машинаға орында-тып, нәтижесін өзінің еңбегі ретінде ұсыну – академиялық адалдықтың мәніне қайшы. Сондықтан білім беру ұйымдарына «ЖИ қолдануға бола ма, болмай ма?» деген сұрақтан гөрі «оны қай кезде және қалай қолдануға болады?» деген нақты ереже қажет. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Жасанды интеллект технологиялары кафедрасының зерттеушісі, PhD Нұрзада Амангелді де технология шешім қабылдауда адамның орнын баспауы керек деп есептейді. «ЖИ-ды жауапкершілікпен қолданудың басты қағидаларының бірі – шешім қабылдауда соңғы сөз әрдайым адамда қалуға тиіс. Сонымен қатар жүйенің не істейтіні, қандай шектеулері бары адамға түсінікті болуы қажет. Ал жүйе қате жіберсе немесе зиян келтірсе, оған кім жауап беретіні нақты болуы керек. Өзірлеуші мен қолданушы бірлесіп жауап бергенде ғана технология пайдалы әрі сенімді құралға айналады», дейді ғалым. Түптеп келгенде, оқытудың мақсаты – тапсырманы өткізу емес, адамның ойлау қабілетін дамыту. Егер сол ойлаудың өзін алгоритмге тапсырып қойсақ, технология уақыт үнемдегенімен, білім алушының өзіне қажет дағды қалыптаспай қалуы ықтимал. **ТҮЙІН:** Жаңа технология бізге бұрын-соңды болмаған мүмкіндік беріп отыр. Бірақ мүмкіндік көбейген сайын таңдауда, жауапкершілік те артады. Ендеше, жаңа құралдарға бейімделумен бірге оларды пайдаланудың әдебін де үйренуіміз керек. Сөбебі технология өзгергенімен, оның артындағы жауапкершілік адамға тиесілі болып қала береді.

Бекзат ҚҰЛШАП,
«Egemen Qazaqstan»



ҚОТЫРДАН ҚАЛАЙ «ҚҰТЫЛАМЫЗ?»

Қотыр (чесотка) – бұл *Sarcoptes scabiei* (қотыр көнесі) деп аталатын микроскопиялық көнеден туындайтын, аса жұқпалы паразиттік тері ауруы. Жүре көле пайда болатын күшті қышынумен және теріде өзіндік бөртпелердің (көне жолдарының) пайда болуымен сипатталады. Ауру өлеу-меттік жағдайға қарамайды және көз-көлген адамда кездесуі мүмкін.

Аурудың қоздырғышы және жұғу жолдары

Аурудың жалғыз қоздырғышы — қотыр көнесі. Кененің көлемі өте кішкентай (0,2–0,4 мм), сондықтан оны жалаң көзбен көру қиын.

Ауру адаммен тығыз дене жана-суы арқылы және науқас адамның киімін кию, ортақ сүлгіні, төсек-орын жабдықтарын пайдалану арқылы (әсіресе отбасы мүшелері мен жатақханаларда) да жұғады.

Клиникалық белгілері (Симптомдары)

Инкубациялық (жасырын) кезең алғаш жұққан кезде 2–6 аптаны құрауы мүмкін. Кенелер түнде және кешке белсенді болады. Төсектің жылуы қышығуды одан ары өршітеді. Теріде жіңішке, сұрғылт-ақ түсті, ұзындығы 0,5–1 см болатын сызықтар көрінеді. Көбінесе сулы көпіршіктер немесе ұсақ түйіншіктер түрінде болады.

Дененің зақымдалатын негізгі аймақтары:

Саусақ аралықтары және білек тұсы; Шынтақ пен қолтық асты аймағы; Іштің төменгі бөлігі (кіндік айналасы); Бөксе және жыныс мүшелерінің

айналасы. (Ескерту: Ересек адамдарда бас пен бет терісі зақымдалмайды, бірақ емшектегі балаларда бүкіл денеге шығуы мүмкін).

Диагностика және Емдеу принциптері

Диагносты дерматовенеролог дәрігер теріні тексеру және қырынды алып, микроскоппен қарау арқылы қояды. Бір ошақтағы (отбасындағы) барлық науқастар және олармен тығыз байланыста болғандар симптомдары болмаса да бірге емделуі тиіс. Арнайы препараттар қолданылады. Дәрі-дәрмектерді кешкі уақытта, шомылып болғаннан кейін, бүкіл денеге (бастан бөлек) жағу керек.

Алдын алу және эпидемияға қарсы шаралар

Емдеумен қатар үй ішін тазарту өте маңызды, әйтпесе қайта жұғу қаупі жоғары. Науқас қолданған барлық киімдер, төсек-орын кем дегенде 60°C жоғары температурада жуылып, ыстық үтікпен үтік-телуі керек.

Көрпе, жастық, сыртқы киімдерді 5-7 күнге ашық ауаға (немесе полиэтилен қапқа салып тастау) шығару қажет. Кене адам денесінен тыс жерде 2-3 күннен артық өмір сүре алмайды. Бөгде адамдардың киімін, сүлгісін пайдаланбау. Жатақханалар мен балабақшаларда санитарлық талаптарды қатаң сақтау.

Қотыр — өте жұқпалы, бірақ заманауи медицинада толық әрі тез жазылатын ауру. Сәтті емделудің кепілі — дәрігерге уақытында қаралу, гигиеналық ережелерді мұқият сақтау және отбасы мүшелерін бір уақытта емдеу.

Радира МАДЕШОВА, Дерматолог дәрігері.

БАЛАНЫҢ АРТЫҚ САЛМАҒЫ АРТЫНАН АУРУҒА СОҚТЫРУЫ МҮМКІН!



Балалар арасындағы семіздік — баланың денсаулығына кері әсер етуі мүмкін маңызды мәселелердің бірі. Артық салмақ баланың қимыл-қозғалысына, өзін-өзі бағалауына және болашақтағы денсаулығына әсер етуі мүмкін. Сондықтан семіздіктің алдын-алу бала кезден басталуы қажет.

Балалардағы семіздіктің алдын-алудың ең маңызды жолдарының бірі — дұрыс тамақтану. Баланың күнделікті рационның да көкөністер, жемістер, сүт өнімдері, ет, балық, бұршақ тұқымдастар және дәнді дақылдар болғаны дұрыс. Құрамында қант көп сусындарды, фаст-фудты және шамадан тыс тәтті тағамдарды шектеу қажет. Екінші маңызды бағыт — дене белсенділігі. Балалар күн сайын қозғалып, таза ауада серуендеп, белсенді ойындар ойнап немесе өзіне ұнайтын спорт түрімен айналысқаны пайдалы. Қозғалыс баланың денесін шынықтырып қана қоймай, көңіл-күйін де жақсартыды.

Сонымен қатар баланың ұйқы тәртібі мен күн тәртібін сақтау маңызды. Телефон, компьютер және теледидар алдында ұзақ уақыт отыруды азайтып, оның орнына серуендеу мен белсенді ойындарға уақыт бөлген жөн. Семіздіктің алдын алуда ата-ананың үлгісі ерекше маңызды. Отбасында дұрыс тамақтану, бірге серуендеу және спортпен айналысу сияқты пайдалы әдеттер қалыптасса, бала да оларды оңай қабылдайды.

Балалардағы семіздік ұзақ уақыт сақталса, денсаулыққа бірқатар қауіп тудыруы мүмкін. Мысалы, 2-типті қант диабеті — ағзаның инсулинге сезімталдығы төмендеуі мүмкін. Жүрек-қантамыр аурулары — жоғары қан қысымы мен холестерин деңгейінің жоғарылау қаупі артады. Буын және сүйек мәселелері — артық салмақ буындарға түсетін жүктемені көбейтеді. Ұйқы кезіндегі тыныс алудың бұзылыстары — мысалы, обструктивті ұйқы апноэсы. Майлы бауыр ауруы — бауырда майдың шамадан тыс жиналуы мүмкін. Психологиялық қиындықтар — өзіне деген сенімнің төмендеуі, мазасыздық немесе әлеуметтік оқшаулану қаупі болуы мүмкін. Ересек жастағы созылмалы аурулардың қаупі жоғарылауы мүмкін. Бірақ, баладағы артық салмақтың бар-жоғын ересектерге арналған өлшеммен ғана бағалауға болмайды. Балаларда жасына және жынысына сәйкес өсу көрсеткіштері ескеріледі. Балалар арасындағы семіздіктің алдын алу үшін дұрыс тамақтану, жеткілікті қозғалыс, сапалы ұйқы және салауатты күн тәртібі қажет. Ең бастысы — баланы сыртқы келбетіне байланысты сынамай, денсаулығын сақтауға бағытталған жағымды әдеттерді қалыптастыру. Салауатты бала — дені сау болашақтың негізі.

Күленә ДОСОВА, Эндокринолог дәрігері.

«ЖЕРДІН АТЫ – ТАРИХТЫҢ ХАТЫ»

ОЙЫЛ- ЕЖЕЛДЕН ҚАЛЫПТАСҚАН КӨНЕ ҚАЛА. ОЙЫЛ (КӨЖАР)- 1930 ЖЫЛДАН БЕРІ ҚАРАЙ ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ОРТАЛЫҒЫ БОЛЫП САНАЛАДЫ.ОЙЫЛ- ЕРТЕДЕ ЖІБЕК ЖОЛЫ БОЙЫНА ОРНАЛАСҚАНДЫҚТАН КЕРУЕН-КЕРУЕН ЖҮК ӨТКЕН ТАРИХИ ОРЫН. ТАРИХЫН ТЕРЕҢНЕН АЛАТЫН ОЙЫЛ ТОПЫРАҒЫНДА ЕЖЕЛГІ ЖЕР АТТАРЫ САҚТАЛҒАН.



Ойыл 1918 жылы Алашорда-лықтарға облыс орталығы болған. 1921 жылы Орал облысынан бөлініп, құрамында 14 болысы бар аудан атанып, 1922 жылы тарاپ кетеді. 1927 жылы Адай уезіне біріктіріледі. Ал, 1928-1930 жылдары Алтықарасу ауданы атанған. 1930 жылдан Ақтөбе округіне, кейін облыс құрамына қарады. Ауданда Ойыл, Қыыл, Ащы Ойыл, Жақсыбай, Қуырдақты өзендері, Барқын құмдары, Жекенді, Құтыкөл, Тамдықөл кішігірім көлдері, Құсмұрын, Қаражар, Қарауылтөбе, Қаратау, Орындықтау биіктері бар. Қарауылтөбе, Ақшатау шоқыларынан құрылыстық ақ бор алынады.

«Жердің аты — тарихтың хаты» демекші, әр елдің, әр халықтың өзіндік тарихы бар. Тарихи жерлердің ұмытылмай, ғасырдан-ғасырға ұлықталуы болашақ ұрпақтың міндеті болып қала береді. Өз кезегімізде Ойыл ауданының маңайындағы жер-су аттарына тоқталып өтпекпіз.

Самай — Самайқожаның атымен аталады. Көптоғайдан 40 км қашықтық, Көптоғай мен Қызылқоға ауданының шекарасында орналасқан. Самайқожа Ханқожаұлы (1800-1847) Сүйіншіқара батырдың ауылын үш мың қолмен түркімендер шауып, батырдың екі қызы Айсалқам, Жансалқам мұңын шағып адай мен таздың балаларына мынадай өлең жазып жіберген екен: Барсаң сәлем айта бар сегіз арыс адайға, Екінші сәлем айтайын құнан арыс шабайға Үшінші сәлем айтайын Қаратаздың ішінде Төремұрат, Өтен, Басықара, Бөкенге Және де сәлем айтайын Ханқожасы Самайға. Сол Самай таздың қожасы таздың Төремұрат,Өтен, Нарынбай батырлармен сөзге келіп қалып, Қатулансам қара таз, Қазаныңды қиратармын!- деген екен. Соған таздың батырлары ашуланып Самайды келер жолын анду-

мен болады. Бірде аңдушыларға жалғыз кездесіп қалып, Самайды қуады. Шұбарши елді мекені жағында «Самай Қарасу» деген жер бар. Қарасуға жете бергенде Төремұрат найзамен шаншиды. Найза тиген Самай Қарасуға құлайды. Самай өте үлкен денелі кісі екен. Оның майы суға ақтарылып түседі, судың бетін май алып кетеді. Батырлар сол судың үстімен жүз мың жылқы айдап өткізеді. Қожалар Қарасудан Самайдың тек бір бармағын ғана тауып алып бір төбеге апарып жерлейді. Басына шошақ там салады.

Қорымда Самай қожаның құлаған тамы және бірнеше балбал тастар бар. Қожалар Қаратазды шербейге заңға тартып жеті мүшесіне жеті кісінің құнын алады. Самайдың баласы Тоқтар, Тоқтардың баласы Салтамақ қожа. Ол да Келдібайдың белді адамы болған. Кешегі 1931-1932 жылдары көп қазақпен бірге бөрі де ашаршылықтың құрбаны болып кеткен.

Аптыотау- Қаратал селосына жақын жер атауы. Кеңшар кезінде мал қыстағы болған. Қараталдан 16 км жерде. 1936-1938 жылдардағы Исатай-Махамбет бастаған шаруалар көтеріліске қатысушы Адай руының Тәзіке бөлімінің батыры Досақан Жәнібекұлы патшаға қарсы бас көтергені үшін 10 жыл Сібірге айдалады. Досақанмен достық қарым-қатынаста болған. Кете руының жұлдыз бөлімінің Орай балалары. Қамқорсыз қалған Досақан балаларын, әйелін паналатады. Оларға Ащы Ойыл бойынан алты отау тігіп, жер беріп қоныстандырып, алдарына мал салады. Жұлдыз-Кетелер мен Тәзіке Адайлар арасында жеті атаға дейін қыз алыспас ағайын болуға келіседі. Алғаш рет алты отау тігілген жер өлі «Аптыотау» деп аталады. Кейіннен Ойыл өзеніне шығыр салып егін еккен жерлерін «Адайқұлақ» деп атаған. Досақан батыр ұрпақтары Ақтөбе қаласында, Темір, Ойыл, Қобда аудандарында тұрады.



Дереккөз: Ақтөбе облысының топонимикалық кеңістігі

Ойыл аудандық балалар музыка мектебінің ұжымы және білім бөлімі мен кәсіподағы музыка мектебінің педагогы Шаутеннова Бүлбүл Боранбайқызына анасы

Ибағалиева Гүлмираның қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Сапақкөл орта мектебінің ұжымы мен бастауыш кәсіподақ ұйымы мектептің директоры Елеусіз Тұрғанғазинге қайынатасы және осы мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Ламара Отарғалиеваға әкесі «Еңбек ардагері» төсбелгісінің иегері Қыдырғали Отарғалиевтың

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ПОЛИОМИЕЛИТ ҚАЛАЙ ТАРАЛАДЫ?

Полиомиелит — полиовирус қоздыратын, жүйке жүйесін зақымдауы мүмкін жұқпалы ауру. Ауру әсіресе балалар үшін қауіпті, себебі ауыр жағдайларда бұлшық еттердің салдануына және тұрақты мүгедектікке әкелуі мүмкін. Полиомиелиттің арнайы емі жоқ, сондықтан оның алдын-алу өте маңызды. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы полиомиелиттен қорғанудың негізгі жолы вакцинация екенін атап көрсетеді. Полиовирус көбінесе инфекция жұққан адамның нәжісімен ластанған су немесе тағам арқылы таралады. Жеке гигиена талаптарын сақтамау инфекцияның таралу қаупін арттырады. Вирус кей жағдайда адамда ешқандай айқын белгі байқалмай-ақ таралуы мүмкін. Вакцинация — негізгі алдын алу шарасы Полиомиелиттің алдын алудың ең тиімді әдісі — вакцинация. Вакцина баланың ағзасында полиовирусқа қарсы иммунитет қалыптастырып, аурудан және оның ауыр салдарынан қорғануға мүмкіндік береді. Бірнеше дозадан тұратын вакцинация курсы қорғанысты күшейтеді. Қазақстан Республикасында полиомиелитке қарсы профилактикалық вакцинация Ұлттық егу күнтізбесіне сәйкес жүргізіледі. Қазіргі жоспар бойынша балаларға полиомиелитке қарсы



екпелер 2, 3 және 4 айлығында, сондай-ақ 12–15 ай және 18 ай жасында жүргізіледі. Полиомиелиттің таралуын азайту үшін қолды сабынмен мұқият жуу қажет. Әсіресе дәретханадан кейін, тамақ ішер алдында және көшеден немесе қоғамдық орындардан келген соң қол жуу маңызды. Балаларға жеке гигиена ережелерін ерте жастан үйрету қажет. Таза ауызсу пайдалану, тағамды дұрыс сақтау және санитариялық тазалықты сақтау да инфекцияның таралу қаупін төмендетеді. Ата-аналардың жауапкершілігі Ата-аналар баланың профилактикалық екпелерін уақытында

алуын қадағалауы керек. Вакцинация алдында баланы медицина қызметкері тексеріп, денсаулық жағдайына қарай екпе жүргізу мәселесін шешеді. Егер бала жоспарлы екпелердің бірін уақытында алмаған болса, ата-ана медициналық ұйымға хабарласып, әрі қарайғы вакцинация жоспарын дәрігермен нақтылағаны дұрыс.

Полиомиелит — ауыр салдарға әкелуі мүмкін, бірақ алдын алуға болатын инфекциялық ауру. Оның алдын алуда уақытылы вакцинация, жеке гигиенаны сақтау, таза су мен қауіпсіз тағамды пайдалану маңызды рөл

атқарады. Балаларды Ұлттық егу күнтізбесіне сәйкес вакцинациялау — олардың денсаулығын қорғаудың және инфекцияның таралуына жол бермеудің ең тиімді шараларының бірі.

Әр ата-ана баласының екпе күнтізбесін бақылап, профилактикалық шараларға жауапкершілікпен қарауы қажет. Полиомиелиттің алдын алу — бала денсаулығын қорғаудың маңызды бөлігі.

Ғ. ҚҰБАЕВ, Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1287 дана. Тапсырыс 1462 Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

БІР САХНА. БІР ОТБАСЫ. БІР ӨНЕР



Халықаралық отбасы күніне орай Ойыл аудандық мәдениет үйінде «Өнерлі отбасы – қоғамның келбеті» атты отбасылық ансамбльдер фестивалі ұйымдастырылды. Отбасы мүшелерінің өнерін бір арнаға тоғыстырған мәдени шараға Ақтөбе және Атырау облыстарының бірнеше ауданынан өнерлі отбасылар арнайы қатысты. Мерекелік шара барысында бірқатар көпбалалы анаға «Күміс алқа» төсбелгісі табысталды. Сондай-ақ отбасылық мерекеге орай арнайы құрмет көрсету рәсімдері де ұйымдастырылды. Сексен жылдық мерейтойын атап өткен «Күміс алқа» иегері, мәдениет саласының ардагері Бейбіт Төлегенқызына аудан әкімінің құттықтау хаты табысталды. Ал өмірлерін бірге бастаған жас жұбайларға неке қию туралы куәлік, дүние есігін жаңа ашқан сәбидің ата-анасына туу туралы куәлік салтанатты түрде тапсырылды. Фестиваль сахнасында Алға ауданынан Алпысбаевтар, Хромтау ауданынан Мырзахметовтар, Темір ауданынан Баймұхановтар, Атырау облысы Қызылқоға ауданының Сағыз ауылынан Тұрғалиевтер, Миялы ауылынан Қараба-

линдер және Ойыл ауданынан Ермұханбет пен Асыл Махметовтер отбасы өнер көрсетті. Әр отбасы өз репертуарындағы ән-жырларын орындап, ұлттық өнерді дәріптеудің өзіндік үлгісін көрсетті. Бір сахнада ата-ана мен бала, ерлі-зайыптылардың бірге өнер көрсетуі көрерменге ерекше әсер сыйлады. Фестивальдің басты ерекшелігі де – өнерді отбасы мүшелерінің ортақ қызығушылығы мен шығармашылығын байланыстыратын дәнекер ретінде көрсетуінде. Мерекелік концерт соңында фестивалге қатысқан барлық отбасыларға алғыс хаттар табысталып, ақшалай сертификаттар мен арнайы сыйлықтар берілді. Өнер көрсеткен отбасыларға көрсетілген құрмет олардың еңбегіне берілген лайықты баға болды. Ойыл төрінде өткен бұл фестивальдің мәні де осында – бір сахнаға жиналған отбасылар өнер арқылы өзара тәжірибе бөлісіп, көрерменге жақсы көңіл күй сыйлады. Бірге айтылған ән, бірге орындалған өнер – отбасы арасындағы байланыстың да бір көрінісі.

Гаухар АЛЕКСЕЕВА,
Ойыл селосы.

ОЙЫЛДА ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАР БОЙЫНША СЕМИНАР ӨТТІ

ӨТКЕН СӨРСЕНБІ КҮНІ ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ЖАСТАР РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҒЫНДА ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАР МЕН АЗАМАТТЫҚ СЕКТОР ӨКІЛДЕРІНЕ АРНАЛҒАН КӨШПЕЛІ СЕМИНАР-ТРЕНИНГ ӨТТІ.

«Ақтөбе облысының Азаматтық орталығы» ЗТБ ұйымдастырған кездесудің басты мақсаты – азаматтық сектор өкілдеріне мемлекеттік гранттар мен әлеуметтік жобаларды дайындау және жүзеге асыру жолдарын түсіндіру. Семинар барысында мемлекеттік грантқа өтінім берудің тәртібі, әлеуметтік жобаны дұрыс құрастыру, мақсат пен міндеттерді нақты белгілеу, жобаны тиімді басқару мәселелері кеңінен түсіндірілді. Қатысушылар гранттық қаржыландырудың мүмкіндіктері туралы да мағлұмат алды. Кездесуде 2027 жылға арналған әлеуметтік жобаларды жоспарлау, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс саласындағы өзгерістер және азаматтық қоғамның даму бағыттары да сөз болды. Семинар барысында қатысушылар теориялық ақпаратпен қатар, тәжірибелік кеңестер алды.

Өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, мамандардан нақты жауаптар алды. Бұл әсіресе алдағы уақытта әлеуметтік бағыттағы жобаларды әзірлеп, гранттық конкурстарға қатысуды жоспарлаған азаматтар үшін пайдалы болды. Бүгінде қоғамдағы түрлі мәселелерді шешуге бағытталған жақсы бастамалардың маңызы зор. Ал мұндай бастаманы нақты жобаға айналдырып, оны жүзеге асыру үшін білім мен тәжірибе қажет. Осы тұрғыдан алғанда, семинар азаматтық сектор өкілдері үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашқан пайдалы кездесу болды. Аталған жоба Ақтөбе облысының Ішкі саясат басқармасының тапсырысы бойынша Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының гранты аясында жүзеге асырылуда.

Г.АБАЙҚЫЗЫ.



ҰЛЫ ТҰЛҒАНЫ ҰЛЫҚТАУ - ҰРПАҚҚА ҮЛГІ

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ БЕЛСЕНДІ ҰЗАҚ ӨМІР СҰРУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНЫҢ МАНДАЙЫНА БІТКЕН БІРТУАР ПЕРЗЕНТ, «АҚ ТАРЫНЫҢ АТАСЫ» АТАНҒАН ШЫҒАНАҚ БЕРСИЕВТІҢ 145 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ «ШЫҒАНАҚ – ӨНЕГЕЛІ ӨМІР» ТАҚЫРЫБЫНДА ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ ТАНЫМДЫҚ КЕЗДЕСУ ӨТТІ.



Бұл – жай ғана еске алу шарасы емес, еңбегімен елге үлгі болған дара тұлғаның өмір жолын зерделеп, өнегесін ұрпақ санасына сіңірген рухани тағылымды басқосу болды. Кездесудің арнайы қонағы – ұзақ жылдар бойы Шығанақ Берсиевтің өмірі мен еңбегін зерттеп, тың деректер жинап жүрген «Үздік өлкетанушы», «Шығанақтанушы» Алманиязова Айжан Ақжарықызы болды. Айжан Алманиязова атаны ғылыми зерттеу жолындағы ізденістерімен бөлісіп, көпшілікке беймәлім тың мағлұматтар ұсынып, Шығанақтың тұлғалық болмысы мен тары өсірудегі теңдессіз еңбегін кеңінен таныстырды. Шара барысында Шығанақ Берсиев атындағы өнер және өлке тарихы музейінің ұйымдастыруымен арнайы көр-

ме жасақталып, тарихи жәдігерлер мен деректер көпшілік назарына ұсынылды. Көрме арқылы өткен мен бүгінді жалғаған тағылымды тарихтың тереңіне бойлай түсті. Кездесуде Шығанақ Берсиев туралы пьеса жазып, оның рөлін сомдаған Амангелді Жұманов ағамыз, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Болат Бақтыгереев ағамыз, Саралжын ауылынан арнайы келген агроном Жоныс Иманғалиев ағамыз, аудандағы ізденістерімен бөлісіп, көпшілікке беймәлім тың мағлұматтар ұсынып, Шығанақтың тұлғалық болмысы мен тары өсірудегі теңдессіз еңбегін кеңінен таныстырды. Шара барысында Шығанақ Берсиевтің аудан тарихындағы ғана емес, қазақтың егіншілік мәдениеті мен еңбек

тарихындағы айрықша орны тағы бір мәрте айқындала түсті. Тағылымды шараның жалғасы аудан орталығында орналасқан Шығанақ Берсиев ескерткішіне тағзым етумен жалғасты. Ұлы тұлғаның рухына құрмет көрсетіліп, ескерткішіне гүл шоқтары қойылды. Ақ дастархан басында үлкендер бас қосып, өткенді еске алып, «Берсиевшілер маршын» шырқап, Амангелді ақсақал Шығанақ Берсиевтің рухына арнап Құран бағыштады. Шара соңында Ойыл аудандық белсенді ұзақ өмір сүру орталығының атынан Айжан Ақжарықызына атаның өмірі мен мұрасын зерттеуге қосқан еңбегі үшін Алғыс хат пен естелік сыйлық табысталды.

“TAZA QAZAQSTAN”

АКЦИЯСЫ АЯСЫНДА ТАЛ ЕГІЛІП, ТАЗАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛДІ

19 қыркүйек күнтізбеде – Дүниежүзілік тазалық күні. Осы күні әлемнің түкпір-түкпірінде адамдар қоршаған ортаны тазартуға шығады. Ойылдықтар да бұл бастамадан шет қалған қалған жоқ. Өткен сенбі күні «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық бастамасы аясында өткен «Дүниежүзілік Тазалық күні акциясына» үн қосты. Тал егу жұмыстары жаңа балабақша аумағында жүргізілді. Акция барысында аудан әкімі Сәкен Займолдин, аудан әкімдігі, аудан тұрғындары, мәслихат депутаттары, аудан жастары мен түрлі мекеме қызметкерлері бірлесіп, туған жердің гүлденуіне өз үлестерін қосты. Аталған ауқымды жұмыстың басты мақсаты – Ойыл өңірінің табиғи сұлулығын сақтау, экологиялық мәдениетті қалыптастыру және тұрғындардың туған жерге деген жанашырлығын арттыру. Сондай-ақ, осы акция аясында Ойыл ауылы шетіндегі Серізсай маңы қоқыстан тазартылып айналасы ретке келтірілді.



Бұл игі бастама – табиғатты қорғауға бағытталған нақты қадам әрі қоғамның ортақ іске жұмылуының жарқын көрінісі. «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясы аясында Ойыл ауылдық округінде екі айлық тазалық жұмыстары басталды. Акцияның алғашқы апталығында ауданның барлық мекеме қызметкерлері мен жастары тазалық жұмыстарына белсенді атсалысты. Жалпы 100-ге жуық адам жұмылдырылып, ауыл аумағын қоқыстан тазарту жұмыстары

жүргізілді. Тазалық жұмыстарына 2 ауыр жүк көлігі және 1 арнайы жүк тиегіш техника тартылып, жиналған қоқыстар белгіленген орындарға шығарылды. Аталған жұмыстар алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғасады. Ауылдың көшелері мен аумақтары кезек-кезегімен қамтылып, тазалық және абаттандыру жұмыстары жүргізіледі. Тазалық – елді мекеннің көркі ғана емес, тұрғындардың ортақ жауапкершілігінің көрсеткіші.

Осыған байланысты Ойыл ауылдық округінде тазалық пен абаттандыру бағытындағы жұмыстар тұрақты бақылауда болып, белгіленген жоспарға сәйкес жалғасын табады. Барша тұрғындарды қоғамдық тәртіп пен тазалық талаптарын сақтауға, ауыл аумағын таза ұстауға және елді мекенді көркейтуге бағытталған жұмыстарға белсенді түрде атсалысуға шақырамыз. Туған жердің тазалығы мен көркеюі – ортақ міндет.

С.ХАМЗИН.

